

Б. Н. Жорабекова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 3-бағам тыңдаушысы

Ғылыми жетекшісі: І. Б. Нысанқұлов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының Әжәне АТД кафедрасының бастығы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЙЕЛ АЗАМАТТАРДЫ ОТАН АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫН ӨТЕУГЕ ЖҰМЫЛДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әйел азаматтарды әскери борышын өтеуге жұмылдыру тарих құжаттарына сүйенсек, әр мемлекет ескі дәстүр және ғасырлық мәселе болып табылады. Бұл мәселе ерте заманнан бері

өсе келуде. Ең алғаш оның көрінісі ерте заманда әйел адамның ер адам алдындағы физиологиялық қасиеті төмен болып көрінуде болды.

Бірақ әйелдер орта ғасырда әскери бөлімдердің бір бөлігі болды. Біздің заманымызға дейін 4 ғасырда Афина мен Спартада әйелдер грекия әскерінің қарулы күштерінің бастамасында болды. Ең алғаш әскер қатарындағы әйелдер туралы деректер өзінің қырын амазонкалармен ұштасқан тарихи деректерде көрініс тапты. Бірінші болып амазонкалар туралы гректің тарихшысы Геродоттың еңбектерінде (490-425 ж.ж. б.з.д.) жарық көрді¹.

Ата-бабаларымыз айтпақшы «Ескіні білгің келсе – қарттардың көзіне қара, болашақты жорығың келсе – балаларға қара, қазыргінің шындығын көргің келсе - әйелдердің көзіне қара...» демекші, Ресейде ең алғаш әйел адамдардың әскер құрамаларында болуын петров эпохасында бекітілген. Дәл сол кезде 1716 жылы әйел азаматтардың әскери госпитальдерде әскер қатарында Отан алдындағы борышын өтеуге құқықтары Әскери Жарғыда бекітілген болатын.

Ұлы Отан Соғысы уақытындағы әйел адамдардың ерлігі баршамызға айдан анық. Олардың көбісі ерлік ордендерінің батыры атанған. Олардың аттары мен ерліктері ешқашан ұмытылмайды. Соғыс кезінде ержүректігі мен батырлығы үшін Совет Одағының 150 мың әйелі медальдар мен ордендермен марапатталған. Сондай-ақ 86 әйел азаматы Совет Одағының Батыры атанған².

Ұлы Отан Соғысың Маршалы А. Е. Еременко: «Біздің батыл әйелдердің қолынан келмейтін бір де болсын әскери қызмет табыла ма екен» деген³. Егер өзіміздің қазақ әйелдерінен мысал келтіре кетсек өзі ержүрек, өзі батыл қыздарымыз Мәншүк Маметова мен Әлия Молдағұлованың өз еркімен Отанын қорғауға еркін білдіргендігін айта кеткен жөн.

Қазіргі таңда әлемде заманауи әскер құрамында тек ер азаматтардан тұратын әскери құрамалар санаулы ғана десе болады. Әйел адамдардың әскер қатарында болуына жол ашатын көптеген лауазымдар мен қызметтер қарқыны өсуде. 1992 жылы Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылуына сәйкес солдат, матрос, сержант және старшина лауазымдарында әскери қызмет атқарушылардың саны 0,02% жуық әйел азаматтар болған. Қазіргі таңда бұл сан бірнеше мәртеге өсу үстінде. Қазір Қорғаныс Министрлігі құрамында 270-ке жуық офицер, 6800 сержант және қатардағы жауынгер әйел азаматтар әскери қызмет атқаруда.

Қазақстан Республикасында 1998 жылы ең алғаш мәрте қыз балаларды Қазақстан Республикасының Қарулы күштері әскери академиясына алу жүзеге асырылды. Байланыс факультетіне бары 23 қыз бала қабылданды. Олар 2002 жылы оқуларын оңтайлы аяқтап, қазір біздің әскердің офицер құрамында әртүрлі құрамаларда өздерінің борышын өтеуде⁴.

Қазіргі кезде барлық әлемнің жартысында 700 мың әйел адам әскери қызмет атқаруда және ол сан әлдеқайда өсуде. Соның ішінде пагондағы әйелдерге жат қарайтын мемлекеттер де орын алады. Біздің ойымызша бұл өсу қарқыны әлі де тоқтамай өсу жолында болады. Бұл өсуді қарқындыру үшін тарихи, заманауи, Отанымыздың және шетелдік әйелдердің әскери қызметін жүзеге асыру тәжірибесін қолдану қажет. Сонда мемлекетіміздің Қарулы күштері өзінің заманауи, жоғары мамандандырылған әскердің құрылуын және жүйелендірілуін күшейту үшін қосымша мүмкіндік алады.

Біздің ойымызша егер Қазақстан Республикасында мемлекеттің гендерлік стратегиясына сәйкес әйел азаматтарды әскери қызметке жұмылдыру жүйесі құрылатын болса, біз шетел мемлекеттердің сандық көрсеткіштеріне жетеміз. Сонымен қатар әскери қызмет атқаратын әйел азаматтар Егемен Қазақстанның қорғану икемділігін жүзеге асыруды арттырар еді. Сондықтан мен өзімнің мақаламның тақырыбын «Қазақстан Республикасында әйел азаматтардың Отан алдындағы борышын өтеуге жұмылдыру» деп таңдадым.

¹ Джандарбеков Б. Томирис: Роман. — Алматы: «Санат», 1998. — 352-б.

² Иванова Ю. Н. Женщины на фронтах Великой Отечественной войны (документы и материалы) — М. Ин-т военной истории РФ, 1991. — 19-б.

³ Еременко А. И. Сталинград. — М.: Воениздат, 1961. — 293-б.

⁴ Военная академия Вооруженных Сил Республики Казахстан: к 30 летию обр. ВВУЗ. — Алматы: «Рауан», 2000. — 25-26-б.